

	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№15				
Күндері	06 - 10.12.2021				
Өтпелі тақырыптың атауы	Қош келдің, Жаңа жыл! / Здравствуй, Новый год! / Happy New Year				
Мекеменің атауы, тобы	«Бөбек лүпілі»жеке меншік балабақшасы				
Педагогтің аты-жөні	Байсакалова .Ш.Ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?".				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп, алып тастау әрекетіннің үлгісін көрсету; суару қажеттілігін анықтау; құрғақ топырақты ылғалды ету, суару үлгісін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтаудың қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелену.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сұрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсаты. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылуға тартады. - Сылдырмақты соқпақ, Қолға алдык "тоқ-тақ". Жаңа жылды күттік, Тоқылдаттық "тук-тук".	Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары". Мақсаты. Баланы педагогтің соңынан, өуен ырғағына сай орындауға ынталандыру; эмоциялық қабілеттерді дамыту. Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс. Шыршада өседі ойыншықтар, (саусақтарды бас бармақ ұшына кезекпен тигізу) Қояндар өседі, қонжықтар. Шыршада, шыршада өседі алтын алма, Алтын алманы жұлып алма. Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау) Саусаққа тиеді, байқа! Шырша, шырша сыйлықты бермейді, "Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді. (шапалақтау)	"Шыршада өседі ойыншықтар" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсаты. Балаларды шыршаға қарап, педагогтің соңынан қимылдарды қайталап, шырша туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту. - Шыршада өседі ойыншықтар, Қояндар өседі, қонжықтар. Шыршада өседі алтын алма, Алтын алманы жұлып алма. Шыршаның инесін ұстама, Саусаққа тиеді, байқа! Шырша сыйлықты бермейді, - Тақпақты оқып бер! – дейді. Д. Ахметова	Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды". Мақсаты. Балаларды сөздерді саусақтардың қимылдарымен қайталауға ынталандыру; қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту. - Домалайды, домалайды, (жұдырықтармен өзара алдында айналдыру) Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау) Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақ қағу) Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақ қағу) Отырып - ұстайсың ба? (шоқайып, шапалақ қағу) Айналып ұстайсың ба? (тұрып, айналу) Ұстатпайды - (саусақпен бұлғау) Домалайды. (жұдырықтармен өзара алдында айналдыру) Д. Ахметова	"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаларды бірін-бірінің ішіне кезегімен салып жинау. - Қандай тамаша! Алдымызда көп сандықша. Сандықшалар бірдей емес, Кішкентай, орташа, үлкен. Кішкентайды үлкенірекке сапайық, Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. - Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Жаңа жылды қарсы алайық: Қолдарымызбен ойнайық. Шырша ұқсап айналайық, Қуанайық, шапалақтайық.				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Мерекелік жалаулар". Мақсаты. Балаларды сурет салуға арналған көлденең доғалы сызықтың ұзындығын бақылай отырып, қылқалам түгін бояуға малып, сызықтың сол жақ ұшынан бастап, солға қарай, сызыққа тигізіп, асықпай жақпа қойып, қылқаламды жылдам орнынан алып, кішкене орын қалдырып келесі дәл сондай жақпаны қайта қою дағдысын қалыптастыру; сызықты "жалауларға" толтыруға дағдыландыру; қылқалам түгін бояуға қайта малу амалын пысықтау; қылқалам қалдырып жатқан "жалаулардың" пайда болуын байқап, ары қарай сол тәртіппен жүруге икемдеу; сурет аяқталған соң, қылқаламды тірекшеге тіреп қоюға жаттықтыру; мерекелік жалаулардың безендірілу рәсімін түсіндіру. <i>"Жалауға қарай жүгір" қозғалыс ойыны.</i> Дене шынықтыру. "Қалайық қардан аққала". Мақсаты. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалатуға (арақашықтығы 1-1,5м) үйрету; допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын меңгерту; дөңгелек заттардың домалау қасиеттерімен таныстыру. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату (арақашықтығы 1-1,5 м), допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшық еттерін, дәлдеу қабілеттерін дамыту; кеңістікте допты домалата білудің дағдыларын қалыптастыру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру.	Сөйлеуді дамыту. "Ғажайып дорба". Мақсаты. Балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру; ғажайып дорбадағы заттарды атауға үйрету; тақпақ арқылы сөйлеу қорын жетілдіру. Балалардың жаңа сөздер арқылы есте сақтауы мен тілін, зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту. <i>"Сылдырмақ қайда?" сөздік жаттығуы.</i> Музыка. "Өсем шырша". Мақсаты. Балаларды музыканы сезіне білуге үйрету; әнді тыңдап, ілесе айта білуге және жаттығулар жасай білуге үйрету; жаңа жылдық музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды жасай білуге машықтандыру; жаңа жылдың әсерлі кереметтерімен таныстыру. <i>"Аққала" ойыны.</i>	Сенсорика. "Шыршаны безендіру". Мақсаты. Балаларды біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру және салыстыру қабілеттеріне үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сай орындату; көлемі әртүрлі, бірақ түстері бірдей біркелкі үшбұрыштарды өзара салыстыра отырып, жоспарланған біртұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырата білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін жетілдіру. Дене шынықтыру. "Аққала". Мақсаты. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату іскерліктерін жетілдіру; допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын меңгерту; дөңгелек заттардың домалау қасиеттері жайлы білімдерін дамыту; балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату (арақашықтығы 1-1,5 м), допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшықеттерін, дәлдеу қабілеттерін дамыту. <i>"Қарғалар" қимылды ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Қар жауды". Мақсаты. Балаларды қысқы табиғат құбылыстарымен таныстыру; жауған қардың салмағы, түсі, қозғалу ерекшеліктерін байқап, тек қыс мезгіліне тән құбылыс екені туралы ұғымдарын кеңейту; балалардың жағымды эмоцияларға бөленуіне жағдай жасау. <i>"Қарды ұшырайық" тәжірибелі жаттығу рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Домалатайық қане біз". Мақсаты. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату іскерліктерін пысықтау; кішкентай доптарды себептерге жинау іскерліктерін дамыту; қыс мезгілінде болатын табиғат құбылыстары жайлы білімдерін толықтыру; оқу қызметін пысықтау; шапшаңдыққа тәрбиелеу. <i>"Кім көп доп жинайды?" қимылды ойын.</i>	Жапсыру. "Шырша шары". Мақсаты. Балаларды үлкен домалақ (шырша шары) кескін ішін ұсақ, бірыңғай көлемдегі домалақтармен, бір-біріне тигізбей жапсыруға үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, жапсыруға жаттықтыру; сүлгімен пішіндер үстінен басып, жұмысты таза істеуге үйрету; жапсыру амалдарын игерту; балалардың байқағыштығын, зейіні мен танымын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балалардың жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру; оқу қызметінде мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. <i>"Шырша ойыншықтарға толды" рефлексиясы.</i>

Қарды бақылау (қардың жауған алқабы).

Мақсаты. Балалардың қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.

- Балалар, бәрекелді!

- Қараңдаршы, айналада не жатыр?

- Иә, бұл қар.

- Қар қайда жатыр?

- Айналаның бәрі аппақ.

- Не болған мына далаға?

Ағаштар аппақ тонда,
Бұталар аппақ болған,
Ақ жолдар ізге толған.

Еңбекке баулу тапсырмалары:

балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.

Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.

"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы.

Мақсаты. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.

Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.

- Алдымызда ұзынша

Жайылып тұр жолақыша.

Топ-топ етіп басайық,

Қадам басып барайық.

Секіреміз оп-оп!

Біз жүреміз топ болп.

Ал енді біз жүгірейк,
Саптан қалмай, үлгерейік.
Жүгір, жүгір, балақай!
Саптан қалма, балақай!

Жүгіріп болдық, жүрейік,
Тыныс алып, үлгерейік.
Тыныс алып болайық,
Қадам басып, тоқтайық ...

Д. Ахметова

"Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы.

Мақсаты: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).

Мақсаты. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.

- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шыық-шыық" деген дыбыстарды шығарады.

- Иә, бұл құстар шиқылдайды.

- Құстар ұқсап дыбыстайықшы.

Жарайсыңдар!

Еңбекке баулу тапсырмалары:

балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы қардан тазалауға шақыру.

Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.

"Қораз" қимылды жаттығуы.

Мақсаты. Балаларға қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санын сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.

Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.

- Балалар мен қандай құсты көрсетемін?

- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар.

- Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қораз ұқсап қимылдайық.

- Қораз! Қораз!

Тыңдашы біраз.

Алтын сенің айдарың,
Көрініп тұр айбарың.
Терезеден бір қара,
Бұршақ берем мың дана.

Д. Ахметова

- Жарайсыңдар.

- Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды?

- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді.

"Шеңберден шықпа" жаттығуы.

Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.

Аққаланы бақылау.

Мақсаты. Балаларды қардан қаланған аққаламен таныстыру, оның пішіні мен келбетінің ерекшелігін байқату; жағымды көңіл-күйге бөлене білуге ынталандыру.

- Балалар, бәрекелді!

- Қараңдаршы, айналада не жатыр?

- Иә, бұл қар.

- Ал бұл не?

- Жарайсыңдар, аққала.

- Қыс мезгілі. Аппақ қала.

Ақ көшелер. Ақ сала.

Ақ көшелер. Ақ сала.

Аулада тұр аққала.

Аққала ақ денелі,
Аппақ етегі, жеңі,
Аппақ беті, дақ көзі,
Ақ басында шелегі.

Ал мынау – қызыл мұрын.
Кім көрген бұны бұрын?
Бет ортасында қадалған.
Өзі неден жасалған?!

Д. Ахметова

Балалар аққаланы қолмен ұстап, оның қардан болғанын, басын, денесін, көздерін көрсетіп, бәрін атайды.

- Балалар, қараңдаршы, аққала жылы киінді.

Қоянда жылы ақ тоны бар.

Еңбекке баулу тапсырмалары:

балаларды сұхбатханадағы орындықтарды қардан тазалауға шақыру.

Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу.

"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны.

Мақсаты. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.

Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.

Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.

- Бері шыға ғой, қоян!

Сұр құлақтармен ойна!

Былай көрсет,

Былай көрсет,

Сұр құлақтармен ойна!

"Өз орныңды тап" қимылды ойыны.

Мақсаты: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға,

Қысқы ауа райын бақылау.

Мақсаты. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.

- Балалар, айналаға қараңдаршы.

- Иә, айналада қар жатыр.

- Аспанымыз сұр (көгілдір).

- Бірақ қыста күн суық.

- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.

- Біз нені кидік?

Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.

- Қыс мезгілі. Суықта

Қар жауады қалықтап.

Қар жауады қалыптап,

Аппақ қабықпен қаптап.

Қыс мезгілі. Аппақ қала.

Ақ көшелер. Ақ сала.

Ақ көшелер. Ақ сала.

Аулада тұр аққала.

Д. Ахметова.

Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.

Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.

"Машиналар жүреді" қимылды ойыны.

Мақсаты. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.

Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:

- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бөрі, жан-жаққа бағыттап жүгіру;

- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,

- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.

- Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар.

Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар.

Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар.

Ойын екі рет өткізіледі.

"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.

Мақсаты: балаларда нысанға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.

Қысқы шыршаны бақылау.

Мақсаты. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтыны, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.

Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді.

Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды пластиктен шыршаны уақытша учаскіге шығарып қоя алады.

- Балалар, мынау не?

- Жарайсыңдар, бұл шырша.

- Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.

"Шырша".

Қызық-думан күн келді,
Жасыл шырша түрленді.
Аяз сүйіп, терленді,
Үйге кірді төрледі.

Ө. Табылдиев

Еңбекке баулу тапсырмалары:

балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы қардан тазалауға шақыру.

Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.

"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығуы.

Мақсаты. Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.

Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.

– Шыршаға қараңдар,
Таңқалып қалмандар.
Бұтақтағы ойыншықпыз,
Шеңбердегі аюмыз.

Енді, біз түлкіміз,
Түлкі болып жүрміз.
Қоянмен біргеміз,
Бірге секіреміз.

Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.

Балықтай жүземіз,
Үндемей күлеміз.

"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы.

Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға,

Сөруеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру. "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны. Мақсаты. Балаларды бірігіп шеңберді құруға үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту. Педагог балаларды жанына шақырады. - Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтау, отыру) Пшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.	"Шыршамыздай айналып" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды жапырақтардың желдегі қимылдарына еліктеуге үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынталандыру. Педагог балаларға қолдармен жапырақтардың қимылдарын көрсетеді, көркем сөзбен сүйемелдейді. Аулада өседі ағаштар, Бау-бақшада тұрады қатар-қатар. Созады көп бұтақтарын, Желге желпілдеп, шайқалып.	"Өртүрлі түстер (бірінші бөлім)" атты мультфильмін көру. Мақсаты. Балалардың негізгі түстер туралы ұғымдарының қалыптасуына ықпал ету, түстерді атауға ынталандыру.	"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы. Мақсаты. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдауын, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірде көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы. - Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы. Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.	"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдап, сонымен қоса алаңда еркін қимылдап, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. Шарты: педагог түлкіні сомдайды, балалар ойыншылар болады; "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді. Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп, тынышталуына, өзін-өзі басқаруына ықпал етеді. - Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласындар. Орындарыңа отырмасаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық. - Мен түлкімін, түлкімін, Құлықпен өтер күнім. Қаласам алдай саламын, Орынды басып аламын. Д. Ахметова Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, атауға, қолдарын созып, аяқтарын көтеріп, киіну рәсіміне қатысуға үйрету.				

Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.
--------	--

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	- Жарқырайды жұлдыздарым, Ілінген моншақтарым, Жымияды көк шарларым, Күлімдейді ойыншықтарым.	Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалдарын игерту. "Қар жауды".	- Қыс мезгілі. Аппақ қала. Ақ көшелер. Ақ сала. Ақ көшелер. Ақ сала. Аулада тұр аққала. Д. Ахметова	Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).	"Алма" ертегісін әңгімелеп беру.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?".				

Тексерген ; Бекишева. М.А. 